

Г. Қаржасова,
жалпы құқықтық және арнайы пәндер кафедрасының меңгерушісі, Phd;
А. Қосжанов,
жалпы құқықтық және арнайы пәндер кафедрасының профессоры,
заң ғылымдарының кандидаты
(Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті)

ҮЛКЕН МҮМКІНДІК, ЗОР ЖАУАПКЕРШІЛІК

2015 жыл 27 шілде Қазақстан үшін тарихи күн болып есте қалары сөзсіз. Бұл күні Швейцарияның Женева қаласында ДСҰ-ның Бас кеңесінің отырысында Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев пен ДСҰ-ның Бас директоры Р. Азеводо 1994 жылдың 15 сәуіріндегі Дүниежүзілік сауда ұйымын құру туралы Марракеш келісіміне Қазақстанның қосылуы туралы Хаттамаға қол қойды. Ал, Қазақстан Республикасының ДСҰ-нын, толыққанды мүшесі болуын ағымдағы жылдың желтоқсанында Найроби (Кения) қаласында осы ұйымның Министрлік конференциясының отырысында ресми жариялау жоспарлануда. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Үкіметі біздің еліміздің ДСҰ-ға кіруі жөніндегі құжаттар пакетін ратификациялау бойынша жұмыстар жүргізуде. Сәтін салса, желтоқсан айында оған да куә боламыз.

Сөйтіп, 19 жылға созылған, Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік сауда ұйымына енуі жолындағы:

- тауарлар нарығына қолжетімділік бойынша екіжақты келіссөздер;
- қызмет көрсету нарығына қолжетімділік бойынша екіжақты келіссөздер;
- жүйелік мәселелер бойынша көпжақты келіссөздер;
- ауылшаруашылық мәселелері бойынша көпжақты келіссөздер, төрт негізгі бағытта жүргізіліп, тер төгіп, табандылық көрсетуіміздің арқасында, түбінде біздің пайдамызға жеңіспен аяқталып, Қазақстан өз тарихында тұңғыш рет дүниежүзілік кеңістікке шықты. ДСҰ-ның Бас директоры: «Бұл — Қазақстан үшін де, ДСҰ үшін де шынымен тарихи күн. Бұл — Қазақстан үшін соңғы жылдары қол жеткізген жетістіктер мен жұмсаған күш-жігерлердің мойындалуы. Бұл — реформалардың кешенді бағдарламасының қисынды нәтижесі. Бұл күн ДСҰ үшін де айшықты болып табылады. Ұйымды Орталық Азияның жүрегіне жақындатады» — деп атап өтуі, біз үшін, біздің мемлекетіміз үшін берілген зор баға деп түсінуіміз керек. Бұл шын мәнісінде, еліміздің, халқымыздың жеңісі еді. Келіссөздер уақыт жағынан алып қарағанда ұзаққа созылып кеткендей болғанымен, бізге керегі оның мерзімі емес, ең бастысы, онда, өзіміздің позицияларымызды, яғни өзіміздің мүдделерімізді қорғап қалу болатын. Әрине, бұл, ең алдымен, еліміз экономикасының өркендеуі мен халықтың өмір сапасын арттырып, әл-ауқатын жақсартуда, жаңа сатыға көтеруде, ең маңызды — ұлттық мүдделерге қол жеткізу еді. Мәселен, жүйелік мәселелер бойынша көпжақты келіссөздер Қазақстан Республикасы заңнамасын халықаралық нормалар мен стандарттарға сәйкес келтіру міндеттерін қамтыды. Еліміздің заңнамасын ДСҰ нормаларымен сәйкестікке келтіру шеңберлерінде аса зор жұмыстар жүргізілді. Жүйелік мәселелерге сондай-ақ:

- магистральды теміржол желілеріне қызмет көрсету тарифтерін сәйкестендіру;
- акциздік салықтар мөлшерлемелерін сәйкестендіру;
- импортты лицензиялау;
- демпингке қарсы, өтемақылық және қорғау шаралары;
- санитарлық және фитосанитариялық шаралар;
- зияткерлік меншік құқықтарын қорғау проблемалары енді.

Егер, өзінің қызметін 1995 жылдың 1 қаңтарынан бастаған ДСҰ, дүниежүзілік сауда жүйесін реттеу мәселелерімен айналысатын, әлемдегі басты жаһандық ұйым болып саналатынын ескерсек және оның негізгі мақсаты — әлемдік экономиканы нығайту, сондай-ақ әлемдік сауданы кеңейту; бүкіл дүниежүзіндегі табыс деңгейін арттыру, инвестицияларды молайту, жұмыспен қамтуды жақсарту, ал ДСҰ-ның негізіне жататын құқықтық кешен тауарлармен, қызмет көрсетулермен, зияткерлік меншік өнімдерімен

таяудағы он жылда дүниежүзілік сауда жасауды жүзеге асыру ережелері мен талаптарын айқындайды, ДСҰ-ның сыртқы экономикалық реттеулерімен ұлттық жүйелердегі алшақтықтарды жою үшін тиісті сәйкестендірулер жүргізеді. Осы тұрғыда келіссөздер үдерісі барысында Қазақстан 50-ден аса жаңа заң қабылдап, 10 халықаралық келісімге түзету енгізгенін, олар Кедендік одақ пен Еуразиялық экономикалық одақ аясында іске асырылғанын зор мақтанышпен айтуға болады.

Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі жөніндегі Жұмыс тобының төрағасы, Финляндияның елшісі В. Химаненнің: «Президент Н. Назарбаевтың басшылығымен және Қазақстанның Еуразиялық экономикалық одақ бойынша серіктестерімен тығыз байланыста жүргізілген заңнамалық бағыттағы прогресс біздің жұмысымызды соңғы жылы едәуір жеңілдетуге мүмкіндік берді. Қазақстанның құжаттар топтамасы — бұл нарықтарға қол жеткізу мүмкіндіктерін жетілдіру ісіне қомақты үлес қосатын, сауданың көпжақты жүйесін жаңғыртатын және ДСҰ-ны нығайтатын жоғары сапалы құжаттар» — деп атап өтуі тегіннен тегін емес. Келіссөздердің қайсысы болсын оңай өткен жоқ. Қазақстан делегациясы талай-талай халықаралық келіссөздер жүргізіп, аса түйінді мәселелер бойынша мәмілеге келді, отандық тауар өндірушілер мүдделерін қорғау жөнінде тер төкті. Соның нәтижесінде қос тарапты да қанағаттандыратын халықаралық құжат өмірге келді. Түсініктірек болу үшін мына бір жайды ғана айтып өтсек жеткілікті деп санаймын. ДСҰ-ға мүше елдермен импорттың кеден баждары бойынша келіссөздер екіжақты форматта жүргізілді. Біздің еліміз ДСҰ-ның 31 мүшесімен келіссөздер жүргізді. Әрбірі өзінің талаптарын қойды. Мысал үшін, Куба ром, сигареттер мен қантқа кедендік бажды төмендетуге мүдделі болды. Ал, Қазақстан тарапы ром мен сигареттерге кедендік баждарды төмендетуге айырбасқа қантқа кедендік баждардың неғұрлым жоғары мөлшерлемелерін белгілеуге уағдаласты. Ал, Норвегиямен, әрине, бізде өндірілмейтін мұхит пен теңіз балығына кедендік баждар талқыланды, сондай-ақ оған айырбасқа сүт өнімдеріне кедендік баждың неғұрлым жоғары мөлшерлемелерін сақтауға қол жеткізілді. ДСҰ-ға мүше 31 елдің арасынан АҚШ пен Еуроодақ тұтастай алғанда бүкіл тауарлар бойынша келіссөздер жүргізілді. ДСҰ-ның осы екі мүшесі қандайда бір сыртқы экономикалық басымдықтарға қатыссыз, толық ырықтандыруға күштерін салды. Осы келіссөздер барысында қазақстандық тарап, ең алдымен, Қазақстанда қандайда бір тауарлардың өндірілетініне, не өндірілмейтініне назар аударды. Егер өндірілсе немесе қандайда бір секторда оны дамыту жоспарлары бар болса, сол өнімдер (тауарлар) үшін кедендік баждың ең жоғары мүмкін деңгейін белгілеу үшін, мәмілеге келуге күш салды. Мысалы, бізде шығарылатын трансформаторлар, аккумуляторлар сияқты тауарларға неғұрлым жоғары кедендік баждар белгіленді. Ал, бізде өндірілмейтін немесе белгілі себептермен алдағы уақытта Қазақстанда оны өндіру мүмкін емес тауарлар топтары үшін, неғұрлым либералды кедендік баж салықтары анықталды.

Ал осы жылдар ішіндегі ең күрделі де қиыны — ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі келіссөздер болды. Өйткені, ауыл шаруашылығы өнімдерінің саудасы — халықаралық сауданың ең маңызды саласының бірі. Әлемдік тауарлар экспортының жалпы көлемінің 10 пайызы, яғни 540 млрд АҚШ долларын құрайды. Сондықтан, көпшілік елдердің тәжірибесі көрсеткендей, ауыл шаруашылығы мәселелері бойынша келіссөздер мүше елдер арасындағы ең күрделі және ұзақ келіссөздер болып табылады.

Біздің еліміздің халқының 40 пайыздан астамы ауылдық жерлерде тұратынын ескерек, ауыл шаруашылығының ең басым бағыт болып саналуы өзінен-өзі түсінікті деп ойлаймыз. Келіссөздер қорытындысында біз ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің 8,5 пайызы мөлшерінде — «жасыл» жәшік — тікелей субсидиялар түрінде ауыл шаруашылығы саласын мемлекеттік қолдау шараларын қолдануға қол жеткіздік. Мұнан өзге, ұлттық мүдделерге нұқсан келтірусіз ДСҰ мен ЕАЭО талаптарын сыйыстыра алдық. Қазіргі уақытта әлемдік конъюнктуралардың келеңсіз әсерін сезініп келген, ЕАЭО-ның серіктес-елдері ауыл шаруашылығына мемлекеттік қолдау көлемін арттыра түсуде.

Қазақстандағы ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдаудың деңгейі қазіргі уақытта 4,5 пайыз болып отырса, отандық ауыл шаруашылық саласының бәсекеге қабілеттігін арттыру үшін «Агробизнес — 2020» бағдарламасы шеңберінде мемлекеттік қолдауды арттыру көзделуде. Ал, ДСҰ-ға кіру барысындағы келіссөздерде қол жеткізген, біздің республикамыз үшін — 8,5 пайыз қажетті көлемдерде ауыл шаруашылығын дамыту үшін

қажет мемлекеттік қолдаудың нақты мүмкіндігі болып табылады, өйткені субсидиялар ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің құнына тура пропорционал.

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, ауыл шаруашылығының жалпы өнімі әрбір бес жыл сайын 2 есе өссе, мемлекеттік қолдаудың шекті ұйғарымды көлемдері де осындай қарқынмен өсіп отырады. Тағы бір айта кетерлігі, «жасыл жәшік» шеңберлерінде, ешқандай шектеулерсіз, ғылымға, инфрақұрылымдық жобаларға, әлеуметтік қамтамасыз етуге және өнімдердің түпкі құнына әсер етпейтін өзге де шараларға жұмсалатын шығыстар қысқартуға жатпайды. 8,5 пайыз мөлшеріндегі ауыл шаруашылығын қолдауға, 2001 жылы ДСҰ-ға кірген Қытайдан кейін қол жеткізіп отырған Қазақстан ғана. Мысал үшін, Ресей Федерациясы 5 пайыздық қолдау алған болатын. Бұл дегеніміз, ұн экспорты бойынша бірнеше жыл қатарынан әлемде 1-ші орын алатын, астық жеткізу бойынша жетекші экспорттаушылардың ондығына кіретін және әлемде 7—8-ші орын алатын, Қазақстанның әлеуетін мойындау, сондай-ақ оған көрсетілген үлкен қолдау.

Сонымен, көп жылғы келіссөздер артта қалды. Талай-талай халықаралық келіссөздер мен түйінді мәселелер өз шешімін тауып, Қазақстан Дүниежүзілік сауда ұйымына мүшелікке қабылданды. Енді міне, жалпы адамзат қауымына әсері ұлғая түскен, Thademap беделді ресурсының мәліметтері бойынша, 2014 жылы тауар айналымы деңгейін 36,5 трлн долларға дейін жеткізген. Бұл ретте жершарының бүкіл елдерінің тауар айналымының жалпы көлемі 37,5 трлн. құраса, ДСҰ үлесіне бүкіл дүниежүзілік сауданың 97,3 пайызы келетін, маңызды ұйымның қатарына қосылған 162-ші ел болып отырмыз. Осы арқылы сыртқа мол тауарлар ұсынып, өндірісті жаңа технологиялармен өркендетуді мақсат тұтып, ұйымға мүше барлық елдердің экономикалары мен халықтардың мүддесіне сай жұмыстарды одан әрі жалғастыруға қадам басып отырмыз.

Біздің еліміз үшін 4 жыл өтпелі кезеңнің белгіленуі. Осы кезеңде тарифтік мөлшерлемелердің төмен болатындығы, бізге берілген тағы бір мүмкіндік.

Осы тарихи оқиғаның маңызына тоқтала келіп, Елбасымыз Н. Назарбаев «біз Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру жөніндегі келіссөздерді табысты аяқтадық. Дүниежүзілік сауда ұйымына мүше болу біздің экономикамызды жаңа көкжиектерге бастайды.

Кәсіпорындарымыздың шетел нарықтарына шығуын қамтамасыз етеді. Ал, тұтынушылар үшін тауарлар мен қызметтердің кең ауқымына таңдау жасауға жол ашады», — деп атап өтті.

Иә, алдымыздан үлкен мүмкіндіктер ашылып отыр. ДСҰ-ға кіру — Қазақстанның сыртқы экономикалық қызметі стратегиясының құрамдас бөлігінің бірі болып саналады. Дәлірек айтсақ, біздің еліміз ДСҰ-ға кіру арқылы көптеген артықшылықтар алып отыр бұл:

- әлемдік экономикалық құрылымдармен ықпалдасу;
- халықаралық сауданың тең қатысушысы ретінде Қазақстан имиджін көтеру;
- неғұрлым тиімді сауда саясатын жүргізу;
- халықаралық сауда нарығындағы кедергілерді азайту, Қазақстанның өз тауарлары үшін тиімді жаңа транзит жолдар ашу;
- біріншіден, шетел инвестицияларын тарту, екіншіден, отандық инвесторлардың ДСҰ елдеріне неғұрлым кең мүмкіндіктер алуы;
- ұлттық мүдделерді көздей отырып, дүниежүзілік сауданы реттейтін тетіктер мен нормаларды әзірлеуге қатысу;
- жаңа технологиялар алу, халықаралық сапа стандарттарын енгізу;
- қазақстандық өнімдердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру жағдайларын жасау;
- бірқатар тұтыну тауарларына импорттық баждарды төмендету және бұл тұтынушыларды қуантары күмәнсіз;
- экспорттық баждарды төмендету, бұл шикізат секторларына тиімді;
- қазақстандық экономиканы жаңғырту;
- жеке несие алушылар үшін несие мөлшерлемелерін төмендету нәтижесі ретінде, қаржы секторындағы бәсекелестікті күшейту.

Бір сөзбен айтқанда, ДСҰ-ға мүшелік Қазақстанның дүниежүзілік саудада халықаралық стандарттармен жұмыс жасауына мүмкіндік береді. Ендігі уақытта біз, яғни халықаралық

ережелермен, стандарттармен өмір сүре бастаймыз. Тағы да көптеген артықшылықтары бар.

Сонымен, ДСҰ-ға мүшелік, тұтастай алғанда, сол сияқты оның әрбір азаматы өмірінің бүкіл аспектілеріне іс жүзінде әсер етіп, қатардағы қазақстандықтардың өмір сапасын түбегейлі өзгертетін болады. Олардың алдынан жетекші дүниежүзілік тауар өндірушілер мен қызмет көрсетушілердің өнімдерін таңдауға мүмкіндік ашылады. Баға төмендейді. Сапа артады. Халықтың әл-ауқаты көтеріле түседі. Қазақстан шетелдік инвесторлар мен серіктестер үшін бұрынғыдан да тартымды бола түседі. Жаңа өндірістер мен жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік туады. Бәсеке күшейеді. Себебі, шетелдік тауарларға шекара ашылады, тауар Қазақстанға көптеп келеді. Отандық тауар өндірушілерге кең өріс ашылады. Дүниежүзінің 161 мемлекетіне ДСҰ шеңберінде өз өнімдерін экспорттауға мүмкіндік туады. Сонымен бірге жауапкершілік те артады. Халықаралық ұйым талабына, стандарттарына, ережелеріне сай болуға тура келеді. Еліміз нарығына арзан әрі сапалы тауарлардың ағылып келуі, сапасы нашар отандық өнімдерді ығыстырып шығаруы мүмкін. Сондықтан отандық кәсіпкерлер сапалы өнімдер өндіріп, бәсекеге қабілеттілік деңгейін көтерулеріне тура келеді. Олай болмаған жағдайда оларға банкроттыққа ұшырау қауіп-қатері туындайды. Бұл тұрғыда, ДСҰ-ға кіре отырып, осы дүниежүзілік ұйымға бізден бұрын мүшелікке кірген елдердің де тәжірибесін зерттеп, зерделеп, Дүниежүзілік сауда ұйымы шеңберінде алғашқы жылдары жіберіп алған кемшіліктерінен сабақ алып, жақсы жақтарын үйренгеніміз дұрыс болады. Мәселен, Қырғызстан, Грузия, Украина, Молдова, Армения сияқты елдер, ДСҰ-ға кіргеннен кейін бірқатар проблемаларға кезіккенін білеміз. Ал, Қытай болса ДСҰ-ға кіру нәтижесінде нақты пайда тауып, өзінің экономикалық дамуында үлкен серпіліс жасады. Үйрене отырып, дүниежүзілік сауда ұйымының талаптарына бейімделе отырып, өзіміздің әлеуетімізді іске асыру, мүмкіндігімізді көрсету — еліміз үшін де, отандық тауар өндірушілер үшін де үлкен жауапкершілік.

Осылайша, Қазақстанның ДСҰ-ға кіруінің маңызын айтып жеткізу өте қиын. Біздің еліміздің осы аса ірі халықаралық сауда-экономикалық ұйымға мүше болу әлеуеті аса зор екенін айта кету керек. Қазақстанда мұнай өндіру, металдар мен астық өндіру саласы ғана бәсекеге қабілетті салалар болып саналмайды, сондай-ақ экономиканың машина жасау, көлік, тамақ, темекі, фармацевтика, туристік салаларында іске асырылмаған әлеуеті бар. Осыған сәйкес Қазақстанда экспорттық әлеуеті жоғары салаларды дамыту, экономиканы әртараптандыру қажет. Аса күшті бәсекелік ортада өзін жоғалтып алмауы және орта мерзімдік және ұзақ мерзімдік болашақта ДСҰ-ға кіруден нақты пайда алу үшін еліміздің бүкіл салыстырымды артықшылықтарын пайдалану керек. ДСҰ-ға кірумен байланысты институционалдық сипаттағы бірқатар факторлардың экономикалық өсу қарқынына және ішкі дамуға тигізетін әсерінің дәрежесі зор екендігі соншалықты, Қазақстан орта мерзімдік болашақта дүниежүзілік сыртқы нарыққа өзіміздің ұлттық брендпен таңбаланған, неғұрлым сапалы өнімдермен шығатын болады.

ДСҚ-ға кірудің басты артықшылықтарының бірі — Қазақстанның ұлттық мүдделерді неғұрлым табанды қорғау, сол сияқты жаһандану үдерісіне ықпал ету мүмкіндігі. Басқалай айтсақ, Қазақстан жаһандық экономикалық дамуда өзінің лайықты орнын алуы тиіс.

Осы үдерістерді жүзеге асыруда, ДСҰ-ға кіргеннен кейін жаңа жағдайларда жұмыс жасау үшін кадрлар даярлауда бар күшін жұмсауы тиіс, білім беру саласына маңызды орын беріледі. Бұл тұрғыда білім беру нарығында жарты ғасырға сәл жетпейтін уақыт жұмыс жасап келе жатқан, елдің жетекші экономикалық ЖОО-ларының бірі ретінде — Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетіне де, осы, инновациялық оқу-бағдарламаларын, ғылыми жобаларды одан әрі дамыту мен іске асыруда, әлемнің жетекші ЖОО-ларымен белсенді халықаралық студенттер және оқытушылар алмасуға жаңа серпін береді. Өйткені біз, бірінші кезекте, ауыл шаруашылығымен және саудамен байланысты экономика салаларын шапшаң дамытуға бағдарланған мамандар даярлаймыз.

Мемлекетіміздің басшысы Н. Назарбаев айтқандай, «ДСҰ-ға кіру әлемдік экономикаға ықпалдасуға, әлемнің 30 жетекші елінің қатарына кіруге және «Ұлт Жоспары — 100 нақты қадамды» орындауға оң ықпал ететін болады». Енді біз осы зор мүмкіндіктерді дұрыс пайдалана білуіміз қажет.

Ал қазіргі жағдайда ұлттық валютамыз — теңгені еркін айналымға жіберу болжамды шешім деуге болады. Әлемдік экономикада соңғы уақытта байқалған қаржылық-экономикалық дағдарыс, 2015 жылы көптеген елдердің валюталарының құнсыздануына әкелді және біздің еліміз де, қиын жағдайда қалған отандық өндірушілерді қолдау үшін лажсыздан осылай істеуіне тура келді. Бұдан қорқудың еш қажеті жоқ. Керісінше, ұлттық валютамыздың нарықтық бағамы тауар өндірушілердің мүмкіндігін нығайтып, табысын молайтады, елдің валюталық резервін сақтап, бәсекеге қабілеттілікті арттырады. Бұл дегеніміз, импортқа тәуелділіктен арылып, өз өнімдерімізді кеңейтуге, экспортты молайтуға, жаңа жұмыс орындарын ашуға және қазақстандықтардың әл-ауқатын жақсартуға мүмкіндік береді. Жаңа экономикалық саясатқа көшуіміз — ДСҰ стандарттарымен, ережелерімен жұмыс жасауға да оң әсерін тигізетін болады. Бір сөзбен айтқанда, отандық тауар өндірушілердің алдынан кең жол ашып, ел басшылығы дер кезінде дұрыс шешім қабылдап, көрегендік таныта білді.